

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі:	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 4. Елдің зияткерлік әлеуеті - 4.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер: 4.2.10 Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы бабына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура бағдарламасы аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, егер руханият көп қарастырылған мәселе деп қарайтын болсақ, жастар мәселесімен байланысында жүргізіген зерттеулер саны аз және философия

		тұрғысынан руханиет адамзаттың тіршілігі тоқтағانشа зерттелетін мәселелер қатарынан екенін ескеруіміз қажет. Диссертациялық жұмыстың маныздылығы қазақстандық жастар руханилығының қалыптасуындағы және қазіргі заманғы әлем жағдайындағы туындаған онтологиялық және гносеологиялық мәселелерді тұтастай теориялық тұрғыдан ұғыну қажеттілігі мен келешегін айқындау міндеттерімен негізделген. Зерттеу барысында ғылым үшін маңызды теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. Диссертацияның тақырыбының өзектілігі жаңаданнан әлемдегі бірнеше маңызды факторлардың болуымен негізделеді. Біріншіден, зерттеу жұмысы жастар өмірінің руханилық мәнін және рөлін терең талдауға, дәстүрлі құндылықтарды сақтау бойынша бағдарламаларды дайындауға, бірігейлендіру үрдісінде жастардың өзін-өзі анықтауға, қазіргі әлемде орын алып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістерге бейімделу тәсілдерін талдауға мүмкіндік береді, және тақырыптың құндылығын еселейді. Екіншіден, жастар ортасында шабыт пен өмірлік мәнін қайнар көздерін анықтауға, қажеттіліктер мен үміттерді ескеру арқылы тиімді даму стратегияларын ұсынуға, оны жүзеге асыруға әдістеме ретінде қолдануға болады. Мәселе рухани даму саласындағы мәселелер мен перспективаларды толық жүйелеу үшін жеткілікті зерттеулердің болмауында болып отыр. Білім беру жүйесі, отбасылық қатынастар, мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдау, білім беру мекемелері, бұқаралық мәдениет құралдары және діни дәстүрлер

	сияқты контекстік факторлардың болуы да маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы жастар әртүрлі әлеуметтік, этникалық және мәдени әртүрлілікті құрайды. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен руханият туралы өзіндік түсінігі бар. Зерттеу барысында этномәдени әртүрлілікті, көрсетілген ерекшеліктерге сәйкес руханилықтың қалыптасуына әсерін ескеру қажеттілігі анықталады. Әлемдік жаһандану, ақпараттық технологиялар және өзара мәдениетаралық әрекеттесу әрбір елдің алдында жаңа міндеттер мен мүмкіндіктерді тудырады. Жастардың руханилығының қалыптасуындағы мәселелерді зерттеу осы үрдіске әсер ететін әртүрлі факторларды талдайды. Сондықтан, ғылыми жұмыстың маңыздылығына сараптамалық оң баға берілді.
4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Бірінші бөлімде зерттеудің Бірінші бөлімде зерттеудің әдіснамалық негіздері, шеңбері айқындалады, «руханилық» ұғымын анықтауда логикалық-әдіснамалық тәсіл арқылы көптеген философ-ғалымдардың көзқарастарына, сәйкесінше берілген анықтамалары талданады. Екінші бөлімде қазақ мәдениетінің тарихындағы рухани құндылықтар, қазақ философиясындағы руханият мәселесінің мәні, оның шығу тарихы қазақ ойшылдарының этикалық ілімдері және өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі қарастырылады; қазіргі заманғы құндылықтар жүйесіндегі дәстүрдің мүмкіндіктері нақтыланды. Үшінші бөлімінде қазіргі қазақстандағы рухани құндылықтардың бағдарлары, оның жаһандық жағдайдағы беталысы және дәстүршілдік ұстанымдар талданады; қазіргі қазақстандық жастар арасындағы құндылықтық трансформация мәселесі философиялық тұрғыда қарастырылады; қазақстандық қоғамның рухани бірілігін қалыптастырудағы құндылықтар сабақтастығының тәуелсіздік дәуіріндегі әлеуметтік-тәжірибелік келешегін негіздейді. Әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындылары жарияланған.
4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымында келтірілген мақсат пен міндеттер толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс

	1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	сәтті құрылған жоспар бойынша жазылған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – жастардың қалыптасуындағы рухани факторлардың рөлі мен қазақстандық жастардың өміріндегі дүниетанымдық манызы бар руханилықтың қалыптасу тәсілдері мен жолдарын анықтау. Мақсат пен міндеттердің логикалық сәйкестігі жұмыстың сапалы зерттеулер қатарынан табылатындығына оңтайлы ықпал еткен. Диссертациялық жұмыс мәтінінде көрсетіліп қойылған тоғыз міндеттері айшықталған, және қорытынды тұжырымға сәйкес келеді.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның құрылымы негізінен үш бөлімге жіктеліп, барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда толық, терең байланыста екенін атап өтуге болады. Барлық бөлімдер өзара логикалық және мазмұндық бірлікте, жалпы осы сипат тақырыптың толықтай ғылыми баяндалуына мүмкіндіктер беріп отыр.
	4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыс ауқымында барынша жана ғылыми тұжырымдарды сыни талдау әдісі арқылы жүйелегені көрініс табады. Философиялық зерттеу бағытында руханилық мәселесі бойынша макалалар, жекелеген зерттеулердің нәтижесін көрсете отырып, қазіргі таңда жастар арасындағы жана көзқарас пен жаңа құндылықтық сұраныстар мен талаптарды айқындап, қазақ ойшылдарының идеяларын диссертант ұсынған тұжырымдарды жүзеге асырудағы орны мен маңызын жақсы ашқан. Негізінен, диссертация педагогикалық сарында емес, екінші және үшінші бөлімде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі руханият құбылысы мен жастар мәселесін байланыста қарастыру бөлімінің мазмұнды және сапалы болуының белгісі. Зерттеу аясы кең болғандықтан әртүрлі мәтіндерге, теорияларға терменевтикалық талдау жасалған. Бұл ғылымдағы сыни талдаудың көрінісі. Сонымен қатар зерттеуде сыни талдау жүргізу үшін нақты тарихилық қағидағына сүйенген жөн екендігін автор дәйектеп береді. <i>Әрине, бұл бағытта авторға болашақта көптеген зерттеулер жасағаны абзал.</i> Диссертация мәтініне қатысты автордың тұжырымдарымен негізінен келісуге

		болады. Сондықтан жұмыста автор тарапынан сыни талдау бар деген баға берілді.
5.	Ғылыми жанашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).
		Диссертациялық жұмыста біршама, толығымен жаңа жанашылдық мәртебесіне ие ғылыми нәтижелер алынған. Жалпы қағидастардың жалпы саны тоғыз: Бірінші қағида – руханилық құбылысы біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші сипатынан тұратын ерекше әлеуметтік-танымдық, философиялық категория екендігі зерделенді, екінші қағида – рухани даму біртұтас, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты оның өз орны, ерекше заңдылықтары мен қырлары бар екендігі дәйектелді, үшінші қағида – жастар феноменін манызды қырларын зерделей отырып, олардың көбінесе жауапкершіліктің үстірттігіне негізделгендігі тұжырымдалды, солардың негізінде жастардың рухани дамуының кезеңдері айқындалды: балалық кезең (стихиялық руханилық), жасөспірім кезең (амбивалентті, жанжалды) және салыстырмалы дүниетанымдық пайымдау түрінде көрініс беретіндігі көрсетілді, төртінші қағида – Қазақстандық жастарды әлеуметтік жағдайының әртүрлілігіне қарамастан ортақ манызды психологиялық және рухани белгілер біріктірістіні анықталды, жастар болашаққа, жанашылдыққа ашық, қоғамдық болмыстың жаңа архетиптоникасын құру қабілетінен тұратын мән-мағыналық анықтамасы, сондықтан жастардың рухани даму үрдісіне ерекше назар аударуды талап ететіні дәлелденді, бесінші қағида – қазақстандық жастардың қазіргі тарихи кезеңдері рухани қалыптасу мәселесі этикалық жоба ретінде манызды орын алатындығы пайымдалып, оларға дәстүрлі мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері айшықталды, алтыншы қағида – Қазақстанның қазіргі жастарының жаңа мәдени қажеттіліктерімен айқындалатын құндылықтары жастық кезеңнің өтпелі сипатына байланысты әрқашан жоғары адами құндылықтарға сәйкес келмеу тиістілігі философиялық-аксиологиялық мағынада тұжырымдалды, жетінші қағида – «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дилеммасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет

		атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды, сөзіңіңі қатидат – тұтаның рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік-шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудағы анықтаушы рөлі сараланды, тоғызыңның қатидат – жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының маңызы көрсетілді.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?	5.2 Диссертацияның қорытындылары жана ма?	Қорғауға ұсынылған тұжырымдар жана, және диссертациялық зерттеу жұмысын қорытындылар жоғары ғылыми-теориялық деңгейде. Адамзаттың рухани және саяси-әлеуметтік мағынада алға жылжуы үшін руханият құбылысын ұзақ зерттеуіміз қажет, алайда логикалық тізбекке сәйкес жастардың бойындағы руханилықты қалыптастыру мәселесін қарастыру барлық жағынан ұтымды ((басынан аяғына дейінгі құрылымдық тізбек сақталған, салдар емес, себеп қарастырылған дегенді айтқымыз келіп отыр). Диссертациялық жұмыста руханият мәселесі өзіндік жана кейіпте дәйектеледі.
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?	Диссертацияның зерттеу тақырыбы мен нысаны жалпы гуманитарлық салаға жатады және пәнаралық сипатқа да ие болады. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, дегенмен диссертация мәтінінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар. Жұмыстың жалпы ғылыми нәтижелері біршама қомақты және осыған орай олардың топтамасы рецензент тарапынан толығымен жана деп бағалаймын.
1) толығымен жана:	1) толығымен жана:	
2) ішінара жана (25-75% жана);	2) ішінара жана (25-75% жана);	
3) жана емес (жана 25%-дан кем).	3) жана емес (жана 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (күолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеу жұмысының әр тарау мен бөлімшелерде жүргізілген талдау барысында ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасалған. Барлық қорытындылар гуманитарлық бағыт бойынша ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдерге негізделген. Диссертацияның «Қорытынды» бөлімінде нәтижелер нақты тұжырымдалып, тезистер арқылы көрсетілген. Зерттеу бағытының келешегі де назардан тыс қалмаған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді:</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ:</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u>	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидағтар сыни ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасындағы тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейінде қолдана білген. 7.2 Жұмыс қағидағтары тривиалды емес. Автор әрбір нәтижені теориялық тұрғыдан сыннан өткізіп, жан-жақты қарастырып, ұсынған. Сонымен қатар, теорияның практикалық жүзеге асуында қарастырған. 7.3 Негізгі қағидағтардың барлығының ғылыми жаналығы бар деп бағаланады. Жалпы қағидағтардың жалпы саны тоғыз: Бірінші қағидағ – руханилық құбылысы біртұтас, жалпы, көпқырлы, синтездеуші сипатынан тұратын ерекше әлеуметтік-танымдық, философиялық категория екендігі зерделенді, екінші қағидағ – рухани даму біртұтас, сонымен қатар жас ерекшелігіне байланысты оның өз орны, ерекше заңдылықтары мен қырлары бар екендігі дәйектелді, үшінші қағидағ – жастар феноменінің манызды қырларын зерделей отырып, олардың көбінесе жауапкершіліктің үстірттігіне негізделетіндігі тұжырымдалды, солардың негізінде жастардың рухани дамуының кезеңдері айқындалды: балалық кезең (стихиялық руханилық), жасөспірім кезең (амбивалентті, жанжалды) және салыстырмалы дүниетанымдық пайымдау түрінде көрініс беретіндігі көрсетілді, төртінші қағидағ – Қазақстандық жастарды әлеуметтік жағдайының әртүрлілігіне қарамастан ортақ манызды психологиялық және рухани белгілер біріктіретіні анықталды,

	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жастар болашаққа, жанашылдыққа ашық, қоғамдық болмыстың жаңа архетиптоникасын құру қабілетінен тұратын мән-мағыналық анықтамасы, сондықтан жастардың рухани даму үрдісіне ерекше назар аударуды талап ететіні дәлелденді, бесінші қағидат – қазақстандық жастардың қазіргі тарихи кезеңдері рухани қалыптасу мәселесі этикалық жоба ретінде манызды орын алатындығы пайымдалып, оларға дәстүрлі мәдениеттің ықпалына байланысты өзіндік ерекшеліктері айшықталды, алтыншы қағидат – Қазақстанның қазіргі жастарының жаңа мәдени қажеттіліктерімен айқындалатын құндылықтары жастық кезеңнің өтпелі сипатына байланысты ерқашан жоғары адами құндылықтарға сәйкес келмеу тиістілігі философиялық-аксиологиялық мағынада тұжырымдалды, жетінші қағидат – «дәстүр – модернизация» немесе «ескі – жаңа» дипломасы үнемі құндылықтық қатынастар деңгейінде қызмет атқаратындығы көрсетіліп, олардың әлеуметтегі ерекше сипаттамасы пайымдалды, сегізінші қағидат – туінганың рухани құндылықтарының қалыптасуында әртүрлі әлеуметтік институттардың, мемлекеттік оқу мекемелерінің бір-бірін толықтыратын бағдарламалық бағыттарының (ғылыми-зерттеу және көркемдік-шығармашылық) қажеттілігі тұжырымдалып, олардың руханилықты қалыптастырудағы анықтаушы рөлі сараланды, тоғызыншы қағидат – жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеудегі әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларының манызы көрсетілді. 7.4 Қағидастардың қолдану деңгейіне кең деген баға берілді. Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, тұңғаралық қатынастарды құруда, рухани тәрбие мәселелерін шешуде, талқылау және қабылдауда, білім беру мекемелерінде, оқыту және тәрбиелеу үрдісінде пайдалануға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеудің идеялары мен қорытындыларын «Әлеуметтік философия» сияқты арнайы курстарды оқытудың негізгі ретінде қолданыс таба алады, ал зерттеу барысында қолданылған
--	--	--

		материалдарды, идеяларды философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану бағытындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында пайдалануға болады. 7.5 Негізгі қағидағтар жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, сынақтан өткен. Скопус (Scopus) мәліметтер базасында – 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланған.	
8.	Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, ғылыми дәлелді. Әсіресе, автор тарапынан, зерттеудің әрбір тарауында, әсіресе бірінші тарауында әдістемелік құрылыстарды, ұстанымдарды тандау мен дәйектеуі жақсы негізделген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Қазіргі заман әдістері мен деректері пайдалану бойынша әлеуметтанулық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, бірқатар тұжырымдарды дәлелденген. Автор компьютерлерлік игерулер арқылы зерттеу барысында шетелдік кітапханалар мен ресми ғылыми базаларда жұмыс істегенін атап өту керек. Сондықтан, зерттеу нәтижелерін толыққанды дәйектейді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия;	Диссертацияда келтірілген теориялық тұжырымдарды практикалық зерттеу жасай отырып, дәлірек айтканда әлеуметтанулық зерттеу қорытындылар арқылы дәйектейді, және олар өзара логикалық байланыста екенін айтап өткен жөн. Мәселен, автор жастардың дүниетанымының бағдарларының қалыптасу ерекшеліктерін дәлелдеуде әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларын ұсынады. Әлеуметтанулық зерттеуде жеті типотезаны негіздемесімен бірге талдай отырып, сауалнама қорытындыларынан


	2) жоқ.	кейін нәтижелер талданады, және оны тақырыпты ашуға ұтымды пайдаланған.	
	8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Автор зерттеу барысында тақырып бойынша шетелдік және отандық авторлардың біршама еңбектерін қарастырған. Толықтай алғанда автор тарапынан басқа авторларға сілтемелер берілген, және сыни түсіндірмелер де жеткілікті, мәтінінің мазмұнына сәйкес. Зерттеу жұмысындағы сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәлелдей түсетінін атап өту керек.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Диссертант 100-ден астам дереккөздерді пайдаланған. Автордың ағылшын, орыс және қазақ тілдерін жетік меңгеруі арқасында көптеген дереккөздерді түпнұсқадан алғандығы жұмыстың сапалы зерттеулер қатарынан табылатындығына оңтайлы ықпал еткен. Ізденуші тақырыптың зерттеу деңгейін әр сала бойынша әсіресе философия бағыты бойынша толық негізделген. Барлық пайдаланған әдебиеттер зерттеу нысанына толық сәйкес келеді және әдеби шолу, тақырыпты ашу мақсатында жеткілікті деп санаймын.	
9	Практикалық құндылық қатилаты	9.1 Диссертацияның теориялық манызы: 1) бар; 2) жоқ.	Автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді қолдау, жастар және руханилық ұғымының қиындықта туындайтын философиялық мәселелерді, еліміздің әлеуметтік өмірінің жеке-кең аспекттерін терең зерттеуге қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстандық жастардың руханилығының қалыптасуын философиялық талдау гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларындағы ғылыми ізденістер үшін әдіснамалық-тәжірибелік манызы зор.
		9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді кең көлемдегі философиялық мәселелерді, еліміздің әлеуметтік өмірінің аспекттерін терең зерттеуге қолдануға болады. Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, тұлғааралық қатынастарды құруда, рухани тәрбие мәселелерін шешуде, талқылау және қабылдауда, білім беру мекемелерінде, оқыту және тәрбиелеу үрдісінде пайдалануға мүмкіндік береді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?	

	1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жанаcы 25%-дан кем).	Диссертация мәтінінде практикалық ұсыныстарды толығымен жана деуге болады. Қазіргі қоғамдағы жастардың рухани-адамгершілік бағытының өзгеруімен пайда болған жана әлеуметтік нормалар жүйесі мен мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігіне, оның ішінде мәдени және рухани қауіп-қаперлерінің жай-күйін қарастыруы арқылы мүмкін болатын жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік беретін танымдық құрал ретінде қолдануға болады деген идеяны алға тартады, және осы пікірмен келісуге болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағалауға тұрарлық. Жұмысты зерттеу барысындағы талдау, баяндау, тұжырымдар жасау мен қорытындылар шығару барысында жоғары ғылыми стиль сақталған. Автор теориялық және мәліметтерді талдауда әдіснамалық құрылыстарды пайдалана отырып, ғылыми жұмыстың орындалу талаптарына толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертүүлەر	Диссертацияның жұмыстың 3 бөлімі, 3.1 «Қазіргі Қазақстан жастары құндылықтарының трансформациясы әлеуметтік-философиялық мәселе» атты бөлімшесінде трансформацияға ұшыраған құндылықтарды нақтылауды қажет етеді. Қазіргі қоғамдағы жастардың рухани бағытының өзгеруімен пайда болған жана құндылықтар жүйесі мен мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігіне, оның ішінде мәдени және рухани қауіп-қаперлерінің жай-күйін қарастыру диссертация мазмұнын толықтырады және келешек зерттеулер осы бағытта жүреді деген үміттеміз.
12.	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған	Диссертант зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындыларын отандық, шетелдік басылмаларда 6 ғылыми мақала жариялаған. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Philosophical Analysis of the Formation of Spirituality of Modern Kazakhstan Youth: Problems and Prospects» (Pharos Journal of Theology. – Volume 106, Issue 1 - (2025). https://doi.org/10.46222/pharosjot.106.27), (квартиль – 2, процентиль – 55) – 1 мақала, халықаралық конференциялар жинағында 2 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4

жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		мақала жарияланды. Мақалалардың мазмұны талапқа сай орындалған, және Скопус мәліметтер базасында жарық көрген мақала диссертацияның практикалық нәтижесі ретінде көрініс тапқан (3 бөлім, 3.3 бөлімше). Зерттеу аясында алынған қорытындылар мен нәтижелері БҒСБҚ ұсынған тізімге енетін журналдарда жарияланған. Айта кетейік, екі жоғарыда аталған журналдар талаптарының қатаңдығы жарияланымдардың сапасын анықтайды.
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығның қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Қорытынды шешім: «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дусипова Айсана Сагинбаевнаның «Қазіргі қазақстандық жастар руханилығның қалыптасуын философиялық талдау: проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:
КЕАҚ «Абай атындағы ҚазҰПУ»,
 философия ғылымдарының докторы, профессор



Қусаинов Дауренбек Умирбекович